

ШИЕЛІ АУДАНЫНДАҒЫ ТОПОНИМДЕРДІҢ КОГНИТИВТІК СИПАТТАМАСЫ

Түйіндеме

Мақалада Шиелі ауданындағы топонимдердің когнитивтік (танымдық) сипаты қарастырылды. Әуелі топонимика ғылымының зерттеу нысаны, қарастыратын мәселелеріне тоқталып, ғалымдардың бұл тұрғыда айтқан пікірлеріне шолу жасалды. Одан соң топонимдердің когнитивтік сипатына қарай ойысып, Шиелі ауданындағы топонимдердің танымдық тұрғыда зерттелуі турасында сөз қозғалды. Шиелі ауданындағы топонимдердің когнитивтік сипаты мысалдар арқылы дәлелденіп, қойнауы құпияға толы Сыр өңіріндегі топонимдік атаулардың мән-мағынасына талдау жасалып, зерттеулер жүргізілді.

Тірек Сөздер: топонимдер, когнитивтік лингвистика, дүниенің топонимиялық бейнесі, ғалам бейнесі, таным.

COGNITIVE CHARACTERISTICS OF TOPONYMS IN SHIELI DISTRICT

Abstract

The article considers the cognitive nature of toponyms in Shieli district. First of all, the object of study of the science of toponymy, the issues considered, and the views of scientists in this regard were reviewed. Then there was a discussion of the cognitive nature

ULUSLARARASI TÜRK
DÜNYASI ARAŞTIRMA-
LARI DERGİSİ
INTERNATIONAL
JOURNAL OF TURKISH
WORLD STUDIES
CILT 4 / SAYI 4 / EKİM
2021

Sorumlu Yazar Corresponding Author

F. A. RYSTEMBEK
A. M. ABASILOV
Магистрант, Қорқыт ата
атындағы Қызылорда
университеті, [gazi-
za.rustembek99@mail.ru](mailto:gazi-za.rustembek99@mail.ru)
Қорқыт ата атындағы
Қызылорда
университетінің
профессоры,
aman_abasilov@mail.ru

Gönderim Tarihi
Received
17.10.2021

Kabul Tarihi
Accepted
28.10.2021

Atıf
RYSTEMBEK, F. A.,
ABASILOV, A. M.
(2021). “Шиелі
Ауданындағы
Топонимдердің
Когнитивтік
Сипаттамасы”,
*Uluslararası Türk
Dünyası Araştırmaları
Dergisi*, (4/4), 37-48.

ARAŞTIRMA
MAKALESİ
RESEARCH ARTICLE

of toponyms and the cognitive study of toponyms in Shieli district. The cognitive nature of toponyms in Shieli district was proved by examples, the meaning of toponymic names in Shieli region was analyzed and researched.

Keywords: toponyms, cognitive linguistics, toponymic image of the world, image of the universe, cognition.

Кіріспе

Жер-су атауларының қойылуында ұлттық таным мен салт-дәстүрдің және елдегі саяси жағдайдың ықпалы мол болатыны белгілі. Сондықтан болар географиялық атаулардың (топонимдердің) шығу тәркіні, олардың аталу себептері адамзат баласын ерте заманнан-ақ қызықтырып келеді. Шындығын айтқанда, қазақтың ұлан-байтақ жеріндегі жер-су аттарының өзіндік мән-мағынасы, шығу тарихы, көпшілікке беймәлім сыр-құпиясы толығымен ашылып болған жоқ. Кез келген елдің өткені мен бүгінгінің сабақтастығы оның жер-су атаулары – топонимдері арқылы көрініс табады.

Біле білген адам үшін жер-су атаулары халықтың сан ғасырлық тарихынан сыр шертеді. Топонимист ғалым Е.М.Поспелов: «Географиялық атаулар мен қоғамдық институттар тікелей саясатпен байланысты дамып отырады. Қоғамдағы үстем тап жұртшылықты өзінің идеологиясы мен саясатына жер-су атаулары арқылы бағындырады», - депті (Комков, 1976: 5-12).

Осы пікірді назарға алсақ, әр ғасырдағы саяси-экономикалық өзгеріс сол қоғамның топонимикалық жүйе кеңістігіне терең із қалдырғанын жасыра алмаймыз. Қойнауы құпияға толы Сыр өңірінде көненің көзі де, бүгінгінің өзі де бар. Қасиетті Сыр топырағы бүкіл әлемдік тарихта өзіндік орны бар өлке. Шиелі жерінің арғы тарихы – жалпы Сыр бойы тарихымен өзектес, бөлежара қарауға болмайтын біртұтас тарих. Тарихшылардың, археологтардың ой-пікірі мен тарихи жазбаларға қарағанда Сыр бойы тарихы, оның ішінде Сыр өзенінің орта ағысына орналасқан Шиелі жері қай жағынан болса да жұрт назарын аударатын, тарихы арыда жатқан өлке екені даусыз.

Шиеліні ел ауызында кейде «Қызылорданың Швейцариясы» деп те атайды. Бұдан шығатын қорытынды

Шиелі ауданы Ақмешіт атырабындағы ең бір көгі шүйгін, құсы тұйғын ауданның бірі десек артық айтқанымыз емес.

Жұмыр жердің бетіндегі саналы қауым тіршілік еткен әрбір ой мен қыр, өзен мен көл, тау мен тас, әр мекен, әр қоныс, тіптен адам баласының аяғы кейде жетіп, кейде жатпеген сар даланы алсақ та, мұның әрқайсысының өз аты, өз есімі болатыны тайға таңба басқандай анық нәрсе. Мұндай атауларды ғылымда **топоним** дейді. Географиялық объектіге ат қоятын да, оны жадында сақтап жүретін де, кейінгіге мирас етіп қалдыратын да - сол өңір, сол аймақта ертелі-кеш тіршілік кешкен, я сонда өмір сүріп жатқан халық. Сондықтан да топонимдер – тікелей халық және оның тілінің жемісі.

Бергі бір дәуірлерде пайда болған, сондай-ақ күні кеше ғана өзіміздің көз алдымызда туып дүниеге келген жер-су аттарын былай қойғанда, есте жоқ ерте замандарда солай деп аталып, бүгінгі күнге келіп жеткен топонимдерге де қазақ даласы тұнып тұр. Бұларды танып-білу тек топонимикалық атаулардың пайда болуы мен жасалуының жай-жапсарынан хабардар болып қана қою емес, тұтас географиялық өңірді мекен еткен халықтың кешегісі мен бүгінгісі жөніндегі мағлұматымызды, білімімізді ұлғайтуға, кеңейтуге тікелей септігі бар, танымдық мәні аса зор зерделі іс.

Тіл пайда болған күннен бастап, адам баласында дүниені танып-білу, танығанын басқаға жеткізу, тілдік ойлау тәжірибесі жинақталып, қалыптасты. Тілдің осы танымдық қызметі, онымен байланысты тілдік бірліктердің табиғатын тану тіл білімінің когнитивті лингвистика саласында қарастырылады.

Когнитивтік лингвистика дегеніміз – ақпаратты репрезентациялау, кодтау және трансформациялауда маңызды рөл атқаратын таңбалар жүйесі» (Кубрякова, Демьянков, Панкрац, Лузина, 1966: 53).

Тіл ғылымындағы танымдық бағыт тілді жалаң құрылымдық таным тұрғысынан емес, жаңаша дүниетаным, сананың мазмұндық көрінісін, қызметін тілдік бірліктер арқылы, әлем бейнесінің санада таңбаланып, қайта кері

байланысқа түсу арқылы тілмен танылуын зерттейді, ашып беруді көздейді.

Адам өмірінде тану үдерісі (когниция) үнемі жүреді. Көз алдындағы әрбір көріністі, құбылысты көру, сезіну, есту, байқау, айту, т.б. әрекет арқылы адам өз санасында ерікті-еріксіз түрде сол әрекеттермен үзіктеп ақпар, мәлімет жинақтап отырады, кейін керек кезінде немесе олардың әсер етуі кезінде ойлап, қорытып, тұжырымдап, мазмұнды ой жинақтайды, өзіндік пікір қалыптастыра бастайды. Өйткені адам әрекеті оның жинақтаған өмірлік, тәжірибелік білімі (танымы) арқылы көрініс береді.

Таным, танымдық әрекет тілден тысқары емес. Адамның сөйлеуінен оның танымы аңғарылады. Танымдық әрекетпен әлем санада белгілі бір жинақталған білімдік құрылыммен суреттеледі (Қасым, Шақаман, 2018: 168).

Тілдің танымдық бағыты туралы алғаш зерттеп, өзіндік ой-тұжырымдарын ғылыми негіздеген, когнитивті лингвистиканың негізін қалаушылар Р.Лангакер, Дж.Лакофф, Р.Джекендофф, А.Вежбицкая, т.б. ғалымдар «тілдік әрекетті - қабілеттегі танымдық әрекет негізі», - деп көрсетуді жөн санайды. Біз де бұл тұжырыммен келісеміз. Себебі барлық іс-әрекет бастауында тіл тұратындықтан, бұл пікірдің дұрыстығына еш күмән келтірмесек те болады.

Шетел тіл білімінде танымдық бағыт мағынасын, тіл мазмұнын, сөйлеу құрылымын қарастырудан басталса, орыс тіл білімінде тілдік танымдық зерттеу аталым мәселесін зерттеуден туындаған. Осыған байланысты ғалым В.А.Маслова бұл бағытта орыс тіл ғылымында «когнитивті семантика» - деп қарастыру басым екенін көрсетеді (Стернин, 2001: 75-81).

В.З.Демьянков «когнитивизмді», әсіресе, тілдік таным ілімін, мәселені талдап түсіндіру ыңғайы (интерпретирующий подход) деп қарайды: «...понятие языковой когниций совпадает с тем, что в последние годы, в рамках интерпретационизма, называют интерпретацией в широком смысле, охватывающей фактически все действия над языком, когда для этих действий появляется повод – речь. Если эту речь нужно продуцировать, внутренний мир интерпретируется в виде речи. Когда же речь задана как

объект восприятия – интерпретируется она» (Демьянков, 1994: 17-33). Осылайша ғалым сырттан қабылданған әлемнің адамның жан-дүниесінде таразыланып, қорытылып, ақпарат көзіне айналып, ішкі әлемді сөйлеу арқылы таныту, сөзбен танылатын әлемді жеткізу деп көрсетеді.

Когнитивті лингвистика саласында зерттеу жүргізген ресейлік ғалымның бірі Н.Н.Рябцева батыс пен ресейлік лингвистикада «когнитивті» мәнін түсіндіретін ортақ анықтама жоқтығын атап көрсетеді. Дегенмен когнитивті деп есептелген зерттеулердің көпшілігі когнитивті еместігін, керісінше семантикалық зерттеулерде таным мәселесі ашылатынын Ю.А.Апресян, Н.Д.Арутюнова, А.Г.Шмелев, Г.В.Булыгина, В.Левонтина еңбектері арқылы атап өтеді (Рябцева, 2000: 232).

Қазақ тіл білімінде қазіргі тіл ғылымында қалыптасқан нақты ұғымдық терминмен аталмаса да, когнитивті лингвистика мәселелері ХІХ-ХХ ғасыр аралығындағы ғалымдар еңбектерінде зерттелгені сөзсіз. Қазақ тілінің жалпы теориялық сипатын берген қазақ тіл білімінің негізін салушы ғалымдар А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов, т.б. еңбектерінде тілдің танымдық қызметін, тіл арқылы адам танымын ашу, әлем бейнесін тану туралы пікірлер айтылады.

А.Байтұрсынұлы да, Қ.Жұбанов та – тіл арқылы танымды зерттеуді, танымды таныту арқылы тіл мәселесін шешу жолын көрсетіп, бағыттап берген ғалымдар. Мәселен, тіл дыбысын танытып түсіндіруде тілден тыс дыбыстарды келтірумен Қ.Жұбанов өте тамаша салыстыру жазған. Адамзат танымын ашудың және табиғи танымды түсіндірудің бірден бір ғылыми жолын көрсеткен. Фонетикаға берген анықтамасында оның сипаты дәл көрсетіледі: «Фонетика – дыбыс тілі дыбыстарының тілдік қасиеттерін тексеретін ғылым» (Жұбанов, 1999: 361).

Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың ұлттық негізде қалыптасып, кең қанат жаюы тілді дара тұлғаның танымы мен психикасы арқылы зерттеп, танудың лингвофилософиялық, лингвопсихологиялық негіздемесін жасаған лингвист ғалым Қ.Жаманбаеваның «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ,

тілдік сана» деп аталатын еңбегімен тығыз байланысты. Ғалым аталған еңбегінде қазақ тіл білімінде тұңғыш рет тілдік сана, дара тұлға мәселесіне қатысты, көркем шығармадағы концептілік құрылымды танытумен байланысты, дүниенің тілдік бейнесі мәселесін талдау арқылы, тіл мен ойлау, тіл мен мәдениет қарым-қатынасын сипаттау бағытында көрініс берді (Нұрдәулетова, 2011: 312).

Когнитивтік талдаудың сүйенетін басты негізі топонимдердің адамның тілдік санасында репрезенттелуі, миымен қабылданып, санада өңделуі. Қоғам дамуының кез келген кезеңінде ономастикалық атаулардың тарихи маңызы зор болды. Адам қоғамдастығының бірде бірі, бірде бір мемлекет өзінің даму үдерісінде өзінің антропонимдері мен топонимдерінің жинағынсыз өмір сүрген емес.

Жер-су аттарының қойылу сырына үңілген шығыстың ғұлама ғалымы Әбу Райхан әл-Бируни былай деп жазыпты: «названия изменяются быстро, когда какой-либо местностью овладевают иноплеменники с чужим языком. Их органы речи часто коверкают названия, и в таком виде они переносят их в свой язык, как это в обычае греков. Они берут первоначальное значение, но название претерпевают изменения». Расында, атаулар осындай өзгерістерге ұшырап барып, белгілі бір орын алған оқиға негізінде топонимдік атауға ие болып, тарих беттеріне жазылады.

Дүниенің топонимиялық бейнесін суреттеудегі бағыт-бағдарлық таным моделіне тек қана көлемі шағын келетін кеңістікке тән микротопонимдік атаулар ғана қолданылмаған, осы бағыттық модель аясында, біздің пікірімізше, өте үлкен, көлемді географиялық нысандар да атау объектілеріне айналған. Мәселен, Арқа (Сарыарқа) атауының түрлі этимологиясы бар – соның бірі: тарихи мәні бар – «артымыздағы ел», «арт жақта орналасқан жұрт» дейтін болсақ, дегенмен арқа аппелятивінің түпкі мағынасы анатомиялық арқа (жон арқа, «спина») деген сөзге тірелетін сияқты. Сол Ұлы Жонның (Сары арқаның) шығыс бүйіріне көне қазақтар Ерен Қабырғаны орналастырған, яғни Тянь-Шань тауына да сондай атау берген.

Шиелі атауы сыртқы тұрпатына қарайтын болсақ «Ши+елі», «Шие+елі» сынды тіркестерден пайда болуы мүмкін деген болжам жасауға әбден болады. Дегенмен атаудың этимологиясына сүйенетін болсақ мынадай тұжырымға келеміз. Шиелі жемісі қып-қызыл шиедей болып тұнып тұратын, осы өңірде, әсіресе, су жағасында молынан өсетін ақ шеңгелге, оның шиедей қызыл жемісіне байланысты қойылған. Шиелі атауын халық осылай мұнда соншалықты мол өспейтін шие жеміс ағашынан, жабайы шиеден емес, соған ұқсас, аяқ бассаң кездесетін жемісі шиедей қып-қызыл ақ шеңгелден туындатқан (Ысымұлы, 2008: 300).

Жоғарыда айтып өткеніміздей, бағыттық модель аясындағы когнитивтік сипаттағы топонимдер Шиелі ауданында да кездеседі. Оған мысал бола алатын топонимдік атаулар мен олардың этимологиясына тоқталып өтуді жөн санадық.

Табакбұлақ – бұлақ аты. Бастауы домалақ, табак тәрізді. Суы аз, бір отар бірде қанса, бірде қанбайды. «Табактағы су» мағынасында қойылған атау.

Қарамұрын – тау аты. Шиелі ауданының территориясындағы Қаратау сілемдерінің ең биігі. Алыстан қарауытып мұрын сияктанып тұрған көріністі байқауға болады.

Диірментау – тау аты. Таудың формасы қол диірменге ұқсайды. Көлбей орналасқан және ол таудың тасы қатты болып ел диірменге сол таудан тас алған.

Белқұдық – жер аты. Қаратаудың бір сілемі, құдығы бар. Ескілікті керуен жолындағылар белдің, яғни асудың үстінде жол бойындағы құдыққа аялдап өткен. «Жолдың белортасында орналасқан құдық» деген мағынада.

Науалы – тау, бұлақ аты. Бұлақтың жағасында жағалай жиде өскен. Бастаудың шыққан жері науа (астау) сияқты. Екі жағы биік жартас және арғы-бергі жағындағылар отарларын сол жерден келіп суарған.

Сауысқандық – тау аты. Созақ ауданымен шектес. Шыңның төбесіндегі тау жыныстары ағы мен қарасы араласып алыстан қарағанда сауысқанға ұқсайды.

Әлемнің топонимиялық көрінісіне тән тағы бір ерекшелік – кеңістікті бағыт-бағдарлық модель арқылы игергенде визуалды факторға үлкен мән беру керек болып табылады. Басқа сөзбен айтқанда, кеңістіктің бағыттық моделінде жылжу барысында (бағыттық саяхатта, көшу жолында, малды жаю қозғалысында) географиялық нысанды, әсіресе алыстан, көзбен байқап (көріп), сол табиғи объектінің ел алғашында түр-түсіне назар аударылады.

Қазақ мифологиялық дүниетанымында Көктөбе, Қазығұрт, Байтерек немесе басқа да киелі табиғи нысандар жер кіндігі, жер ортасы болып табылады. Сол жер кіндігінде қазақ халқының ел ортасы, атамекен шеңберін құрайтын тау, өзен, бұлақ, дала, орман, ағаш, сай-сала т.б. географиялық нысандар орналасқан. Рухани, этникалық орталықтан алыстай келе, көп жағдайда жау, жат болып кететін, танымайтын, бөгде кеңістіктер орналасқан.

Кеңістікті бағыт-бағдарлық модель арқылы объектінің түсіне байланысты қойылған топонимдер біз зерттеп отырған Шиелі ауданында көптеп кездеседі. Мысалы:

- Ақтау – тау аты, Қаратаудың соңғы сілемдерінің бірі.
- Акши – сай аты.
- Ақжар – тау, өзен аты.
- Ақбұлақ – бұлақ.
- Ақтас – Қаратаудың бергі етегіндегі тау аты.
- Қызылқайың – жер аты, елді мекен.
- Қызылтам – бекет.
- Қызылұңғы – тау, аңғар аты.
- Қызылжар – төбе, жер аты.
- Қызылбұлақ – бұлақ.
- Қызылшоқы – тау аты.
- Көктал – тоғай аты.
- Көкжиде – тоғай аты.
- Көкөзек – су жиналған жер.
- Көксу – көл.
- Көктас – тау.
- Қарашоқы – тау.

Топонимиялық концептілер ментальды-топонимиялық стереотиптер негізінде жинақталып, әлемнің топонимиялық

көрінісін сипаттайды, бұл көрініс қазақ тілінде топонимдер арқылы өрнектеледі.

«Ғалам бейнесі (картина мира) когнитивтік лингвистикадағы басты термин болып табылады». Ғалам бейнесі («ғалам образы» немесе «ғалам моделі») терминдері мен ұғымдары Е.Ә.Кәрімбаевтың жұмысында топонимикалық номинацияны суреттеуде, ұлттық ономастикалық сөздіктің экстралингвистикалық берілімін түсіндіруде қолданылады. «Ғалам образы», «ғалам туралы білімдер жүйесі» ұғымдары адамға ұлттық тіл мен ұлттық, жалпы халықтық ономастикон жүйесіндегі адамға, сонымен қатар тілде, тілдік қызметте, абстрактілі және нақты ұлттық тілдік тұлға мен қазақ тілдік тұлғаның жеке ономастиконына қатысты түрде түсіндіріледі. Тілдік тұлғаның сөйлеу, ойлау қызметінің базасы ретінде ғаламның жеке және субъектілік бейнесін қарастыру кезінде «ғалам бейнесі дегеніміз – адамның дүниетанымындағы субъектілік және объектілік бастауларының синтетикалық бірлігі, рухани жеке әрі мәдени тарихи субстанциясының синтезі екенін еске алу қажет», - деп атап көрсетеді.

Г.А.Брутян, Р.И.Павиленис т.б. философтар, Ю.Н.Караулов, Г.В.Колшанский, В.И.Постовалова, Г.В.Рашишвили, Б.А.Серебренников, В.Н.Телия сияқты лингвистер тарапынан ғаламның концептілік және тілдік бейнесі ажыратылып көрсетіледі. Тілдік формада берілген дүние туралы білімдердің жиынтығы түрлі тілдік концепцияларда бірде «ғаламның тілдік көрінісі», бірде «ғаламның тілдік моделі», бірде «ғаламның тілдік бейнесі», бірде «тіл аралық ғалам» деп көрсетіліп жүр. Егер ғаламның тілдік бейнесі түрлі деңгейдегі тілдік бірліктерде ғаламның ұлттық бейнесін көрсетсе, онда ономастикалық деңгейдегі жалқы есімдер ғаламның ұлттық, тілдік бейнесінің фрагменті болып табылады да, ғаламның топонимдік ұлттық бейнесін құрай алады деп қисынды түрде айтуға болады.

Осыған орай қазақ топонимдерінің ұлттық болмыс концептілерін жасауға қатысты тіл мен таным процестерінің арақатынасын көрсету тіл қолданысының когнитивтік жүйесіне сүйенеді деуге болады. Ғаламның

тілдік бейнесі, ұлттық болмысы әр этноста әр түрлі болуы этностың тәжірибесі, білімімен байланысты. Өйткен, тілдік таңбаның таңбалаушы қызметі сыртқы дүниемен байланысында ғана емес, адамның өмірден көрген-білгені, көңілге түйгені білімнің негізі болып табылады. Оның тілдік бейнесі ұлттық рухани болмысы әр халықта әр түрлі.

Мәселен, мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқы үшін топонимдер кешені әрбір тұрғынның зердесінде сақталған ерекше бір картаны көз алдына әкелген. Ономастика кешеніне кіретін географиялық атаулардың бірін еске салсаңыз болды, аталған географиялық объектіні «ой картасын» бірден көз алдына келтіре білген. Егер мал «*Ұзынбұлақтың басында жайылып жатыр*» деген хабар берілсе, бұл хабарды қабылдаушы Бесжал тауының оңтүстігіне қарай Қаратас жарының басындағы Кеңсай жырасының солтүстігінде жайылып жатқан малды «ой картасында» елестете білген. Егер мал жайылып жатқан жерді дәлірек елестету керек болса, онда аталған объектінің маңында орналасқан өзіндік белгі қызметін атқаратын ұлттық болмысты бейнелейтін қосымша топонимдер аталған» (Аронов, 1992: 27).

Бұдан қазақ халқының ұлттық рухани болмысын бейнелейтін топонимиканың өмірде маңызды орын алып, олардың шексіз дала алқабы мен шөлді жайылымдарда көші-қон кезінде белгілі қызмет атқарғанын байқауға болады. Ономастикалық атауларда географиялық объектілердің этнос пен табиғат байланысын бейнелейтін сөздердің көп болуы топонимикалық объектілерді «көзбен шолуға» негізделгенімен, сондай-ақ, қазақтардың тұрмыс-салтымен, этномәдени шаруашылық түрінің өзіндік ерекшеліктерімен байланысты түсіндіруге болады.

Осы тұрғыда Л.М.Дмитриеваның мына пікірін айта кеткеніміз жөн: «Ғаламның топонимиялық бейнесінде кеңістік категориясына едәуір маңызды орын алады, өйткені бұл категория адам мен оның өмір болмысы арасын біріктіре қарастырады». «Кеңістік концептісі» дүниенің топонимиялық бейнесінде тұлғаның топонимиялық санасы фрагменті ретінде оның ментальдік ішкі танымының тілдік айналымда ұласу негізін қалаушы басты концепт болып

табылады (Дмитриева, 2003: 38). Топонимиялық атауларда ұсынылып отырған кеңістік өмір-тіршілік қызметінің құндылықтары арқылы ғаламды қабылдаушы, субъекті тұрғысынан алғанда халықтық болып саналады. Ғаламның топонимиялық бейнесіне ғалам туралы, адамның бір нәрсе жайлы қалыптасқан мағлұматы, бағдарланған білімі енеді, сондай-ақ ғаламның ономастикалық бейнесі тілдік таңбаларда, жалқы есімдерде ғаламды қабылдаудың тәсілдері мен формаларын бейнелейді.

Топонимдік тілдік бірліктер аса күрделі тілдік таңба болғандықтан, оларды дәстүрлі тілдік тұрғыдан ғана қарастыру жеткіліксіз болады. Себебі топонимдердің мазмұны көптеген сыртқы факторлармен байланысты болып келеді де, адам санасында тілдік және тілдік емес білімдер жүйесін құрайды. Ұлттың, халықтың ұжымдық тәжірибесін, қоғамдағы адамдардың бір-бірімен байланысын, шаруашылығын, рухани, материалды мәдениетін т.б. концептілік білім кешенінде өз бойына жинақтайды. Сол себепті де топонимдер когнитивтік лингвистика аясында қарқынды түрде зерттеліп келеді.

Қорытынды

Қорыта келгенде айтарымыз, біз зерттеп отырған Шиелі ауданындағы топонимдер халқымыздың өткен дәуірдегі тарихына, көрші елдермен жасалған мәдени қарым-қатынасын және әдет-ғұрпын танып білуде де, атқарар рөлі зор. Өйткені ол атаулардың барлығы – халық тарихы, қоғам өмірімен, адамдардың жеке бас, іс-әрекетімен тығыз байланысты. Ұрпақтан ұрпаққа жетіп, ғасырдан ғасырға ұласып, кейінгі буындарға мирас болып отырған мәдени мұра, өшпес шежіре, халықтың шынар ой, ұшқыр қиял, данышпандық зердесі мен ұлттық мінез-құлқы барша болмысының көрінісі. Жұмыр жерді мекен еткен адамдардың өмір сүру ортасында байқағанымыздай танымның алар орны зор. Ал енді, топонимдердің когнитивтік сипатына келсек, зерттеулер аз болғанымен, зерттеуге тұрарлық көлемді мәселелердің барына көз жеткіздік. Ендігі кезекте Шиелі ауданындағы топонимдердің табиғатын когнитивтік лингвистика

тұрғысынан кешенді түрде зерттеп, тұжырымдар жасау уақыттың және болашақтың еншісінде деп білеміз.

Әдебиеттер

- АРОНОВ, Куслан (1992). «Этнолингвистическая природа народных космонимов в казахском языке», Алматы, б. 27.
- ДЕМЬЯНКОВ, Валерий (1994). «Когнитивная лингвистика как разновидность интерпретирующего подхода//Вопросы языкознания», с. 17-33.
- ДМИТРИЕВА, Лидия (2003). «Онтологическое и ментальное бытие топонимической системы (на материале русской топонимии Алтая)», Екатеринбург, с. 38.
- ЖҰБАНОВ, Құдайберген (1999). «Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер», Алматы: «Арыс», б. 361.
- КОМКОВ, Анатолий (1976). «Проблемы стандартизации (нормализации) географических названий в национальном и международном аспектах//Ономастика и норма», Москва: «Наука», с.5-12.
- КУБРЯКОВА, Елена, ДЕМЬЯНКОВ, Валерий, ПАНКРАЦ, Юрий, ЛУЗИНА, Людмила (1966). «Краткий словарь когнитивных терминов», Москва: «Наука», с. 53.
- ҚАСЫМ, Балқия, ШАҚАМАН, Ырысгүл (2018). «Когнитивті лингвистика», Павлодар: «ПМПУ», б. 168.
- НҰРДӘУЛЕТОВА, Бибайша (2011). «Когнитивті лингвистика», Алматы, б. 312.
- РЯБЦЕВА, Надежда (2000). «Ментальная лексика, когнитивная лингвистика и антропоцентричность», Москва, с. 232.
- СТЕРНИН, Иосиф (2001). «Методологические проблемы когнитивной лингвистики: научное издание», Воронеж: «Воронежский гос. Ун-т», с. 75-81.
- ЫСЫМҰЛЫ, Ақайдар (2008). «Шиелі», Астана: «Фолиант», б. 300.